

Кітапханалық ақпараттық газеті

# Дәстүр



*Половников ауылдық кітапханасы*

## *Кітапханалық газет 1/2024. Бірінші номерлік газеті*

Келесі кезекті газетте Половников ауылының жаңалықтарын, қызықты мерекелік іс- шараларын білетін боласыңдар.



Сыбайлас жемқорлық-қауіпті қадам

Ауғанның асуында от кешендер

Наурыз келсе, құт келгені ағайын.

Бұл нәзік ғаламшар

Халықтың тарихи естелігі: өткеннен болашаққа

Рәміздер - ел беделі





# Сыбайлас жемқорлық-қауіпті қадам



Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады.

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заң - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;





## Ауғанның асуында от кешкендер



Ауған соғысы (1979-1989) — КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғу салдарынан тұтанған соғыс.



КОКП және КСРО басшылығы Ауғанстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген "халықтық-демократиялық үкіметті" қолдап, көршілес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеп, "интернационалдық әскери жәрдем береміз" деген желеумен оның ішкі істеріне араласты. .



1979 жылы 12 желтоқсанда Кеңес Одағы басшыларының шағын тобы (Л.И. Брежнев, Ю.В. Андропов, М.А. Суслов, Д.Ф. Устинов, А.А. Громыко) Ауғанстанға кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, 1979 жылы 27 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді.





# Наурыз келсе, құт келгені ағайын



Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді.

Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік секілді халықтардың арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады.

Наурыз — көктем мерекесі, табиғаттың жаңаруы, жаңа жыл мен жаңа өмірдің басталуы. Наурызды тойлауда пұтқа табынушылық тамыры бар, бұл табиғатқа табыну мерекесі.


Мереке наурыз айының жиырма екісінде күн мен түннің теңескен күні тойланады. Бұл күні аспандағы денелері — шоқжұлдыздар мен жұлдыздар бір жылдық ауысымнан кейін бастапқы орнына келіп, жаңа жол — жаңа шеңбер бастайды. Сондықтан қазақтар Наурыз мейрамын "Ұлыстың ұлы күні" немесе "халықтың ұлы күні" деп атайды, бұл "Жаңа жыл" ұғымымен тең.

Қазіргі Қазақстанда Наурыз үш күн бойы - 21-23 наурыз аралығында тойланады. Бұл мемлекеттік мереке. Мерекенің негізгі принциптері мен дәстүрлері өзгерген жоқ.





# Бұл нәзік ғаламшар




12 сәуір – ғарышкерлер күні

12 сәуір – Халықаралық ғарышкерлер күні. Адамзат баласының алғаш Жер орбитасын айналып өтіп, ғарышқа сапар шеккен уақыты тарих жадынан, ұрпақ есінен шыққан емес. Бұл күн – тек ғарышкерлер күні емес, сонымен қатар ғылым қызметкерлері күні. Себебі ғылымның да жаңа деңгейге көтерілген күні 1961 жылдың 12 сәуірі еді. Әлемдік ақыл-ойдың даму тарихында алтынмен апталып, күміспен күптелген сәттер аз емес. Соның бірі де, бірегейі де – осы күн.





# Халықтың тарихи естелігі: өткеннен болашаққа



Жеңіс күні – Қазақстан халқы үшін айтулы мереке. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде миллиондаған қазақстандық неміс фашизміне қарсы күресте жан алысып, жан беріскеніне тарих куә. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің сол жылдардағы ерен еңбегі – бүгінгі жастардың мәңгілік есінде.



1941 жылдың 22 маусымы күні сағат таңғы 4 те фашистік Германия Отанымызға тұт қиылдан шабуыл жасады. Әлемді дүрліктірген алапат дауыл халықтың жүрегін қанжылатты. Тыныш жатқан халықты бір-бірінен ажыратып, анасын баласынан, баласын анасынан, бауырынан, әкесінен айырған сұрапыл соғыс басталды.



Дәл осы кезде «Отан Ана шақырады» деген ұранмен бүкіл совет халқы, оның ішінде Қазақстаннан 1 млн. 200 мың адам майданға аттанды. «Бәріде майдан үшін» деген ұран тасталды. Партизан отрядтары құрылды. Еңкейген кәрі, өрімдей жас, еңбектеген балаға дейін елі, жері, Отаны үшін арпалысты. Кір жуып кіндік кескен жері үшін, аялап, әлпештеп өсірген елі үшін жанған отқа түсіп жалын кескен ер азаматтар ешқашан ұмытылмайды.



Иә, балалар, бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Әкелеріміз, апаларымыз, ағаларымыз ерлікпен Отанымызды қорғады. Ұлы Отан соғысына қатысқандардың есімдері аңызға айналып, тарих бетінде «Батыр» деп жазылды. Олардың ішінде жазушы, батыр ағаларымызда болды. Ұлы Отан соғысына қатысқандардың есімі аңызға айналып, тарихта өшпес із қалдырды.





## Рәміздер – ел беделі



«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады. Әлемге танытар – Әнұран. Көк тәңірдің сыйы – Көк ту. Елдіктің нышаны – Елтаңба

Рәміздер туралы қызықты деректер.

1. Елтаңба көрінісі Қазақстан азаматының кез-келген құжатында болады. Туу туралы куәлік, жеке куәлік, мектеп аттестаттары, медициналық карталарда да бар.

2. Қазіргі әнұранымыз заңды түрде 2006 жылы 7 қаңтарда белгіленген еді. 1986 жылғы дүрбелеңде дәл осы ән қазақ жастарының бейресми әнұраны болған.

3. Туды кез-келген жерде, қалай болса солай ұстауға болмайды. Сонымен қатар, оң жаққа қарай желбіреуі керек. Мемлекеттік мекеме маңдайшаларында ту міндетті түрде болуы керек.

